	<b>«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ</b> <b>НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д. АСФЕНДИЯРОВА»</b>	
	Денсаулық сақтау даярлау бағыты бойынша ОӘБ ЖжЖООКББ Секциясы	Кезектен тыс кеңейтілген отырыс хаттамасынан үзінді

**ЖОҒАРЫ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНАН КЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ  
 СЕКЦИЯСЫНЫҢ МЕДИЦИНАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТТЕР  
 ПРОРЕКТОРЛАРЫ МЕН ЖОБАЛАРДЫ БАСҚАРУ ТОПТАРЫНЫҢ  
 БІРЛЕСІП ӨТКІЗІЛГЕН КЕЗЕКТЕН ТЫС КЕҢЕЙТІЛГЕН ОТЫРЫСЫ  
 ХАТТАМАСЫНАН ҮЗІНДІ**

**ZOOM CALL конференциясы**  
**жыл**

**12 қараша 2024**

**Қатысты: 50 адам**

**КҮН ТӘРТІБІ**

Кеңес барысында келесі сұрақтар талқыланды

1. Дағдылар тізбесі бойынша (ОҚКЕ/ОҚПЕ)
2. Денсаулық сақтау саласындағы білім беру бағдарламалары бойынша білім алушылардың білімі мен дағдыларын бағалауды ұйымдастыру және өткізу, университеттердің техникалық мүмкіндіктері, осы үдерістің қолданыстағы нормативтік реттелуін бағалау.

**ЖжЖООКББ секциясының төрайымы А.Б. Ташетова** жобаларды басқару топтары (бұдан әрі - ЖБТ) ұсынған хаттамаларға сәйкес дағдылар тізбесі (ОҚКЕ/ОҚПЕ) бойынша жиынтық кестесін көрсетті.

**1 сұрақ бойынша**

**Мәлімдеді:**


**Жобаларды басқару топтарының төрағалары ҰТЕО** ұсынған дағдылар тізбесіне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар туралы баяндады

1. Ирина Викторовна Бачева - терапевтік бейіндегі бағдарламалар ЖБТ төрайымы
2. Сейсебаева Роза Жакановна-Педиатрия ЖБК төрағасының орынбасары
3. Ирина Валентиновна Баскакова-Стоматология ЖБТ төрайымы

**2 сұрақ бойынша**

**ЖжЖООКББ секциясының төрайымы А.Б. Ташетова** баяндама жасап, негізгі ұсыныстарын айтты:

1. Өткізу мерзімдері
2. Денсаулық сақтау саласындағы білім беру бағдарламалары бойынша білім алушылардың білімі мен дағдыларын бағалауды қайта тапсыру
3. Сұрақтар саны және шекті балл

	<b>«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ          НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.          АСФЕНДИЯРОВА»</b>	
	Денсаулық сақтау даярлау бағыты бойынша ОӘБ ЖжЖООКББ Секциясы	Кезектен тыс кеңейтілген отырыс хаттамасынан үзінді

4. Денсаулық сақтау саласындағы білім беру бағдарламалары бойынша білім алушылардың білімі мен дағдыларын бағалауды нормативтік реттеу мәселелері.


## ТАЛҚЫЛАУ

### Талқылауға қатысқандар

1. Сауле Ильясовна Сыдыкова - Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру секциясының мүшесі
2. Шолпан Сабатаевна Калиева - клиникалық фармакология мамандығы бойынша Комитет төрағасы
3. Жунусова Айгуль Битимбаевна – КЕАҚ АМУ проректоры
4. Ибрагимова Айгуль Гаффаровна "Фармация" ЖБК төрағасы жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру секциясының мүшесі
5. Бағдат Сакеновна Имашева – ОӘБ төрағасының дайындық бағыты бойынша орынбасары-денсаулық сақтау

## ШЕШІМ:

1. Денсаулық сақтау саласындағы білім беру бағдарламалары бойынша білім алушылардың білімі мен дағдыларын бағалаудың екінші кезеңі үшін мынадай практикалық дағдылардың тізбелері **1-қосымшаға** сәйкес бекітілсін.
2. ҚР ДСМ 2022 жылғы 4 шілдедегі № ҚР ДСМ-63 бұйрығымен бекітілген Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының (МЖБС) құрылымына ҮИМБ ББ үшін базалық пәндер бойынша оқыту нәтижелерін енгізуге бастамашылық жасау.
3. Бекітілген оқу нәтижелеріне сәйкес денсаулық сақтау саласындағы білім беру бағдарламалары бойынша білім алушылардың білімі мен дағдыларын бағалауды жүзеге асыру.
4. ҮИМБ білім беру бағдарламаларының базалық пәндері бойынша оқыту нәтижелері негізінде практикалық дағдылар тізбесін әзірлеуді жүзеге асыру.
5. Стандарттауды, сенімділікті және бағалаудың объективтілігін қамтамасыз ету үшін дағдыларды бағалау үшін станцияларды қалыптастыру кезінде «бір станция — бір дағды» қағидатын сақтау.
6. ҰТЕО ОӘБ отырысында тізбе бойынша әрбір дағдыны бағалау критерийлерін жасау және келісу
7. ҰТЕО білім алушылардың білімі мен дағдыларын бағалау рәсімінде бағалау процесін одан әрі жақсарту үшін **әр кезеңде оқытушылар мен студенттер үшін кері байланыс механизімін** көздесін және әзірлесін.
8. Үшінші курсты аяқтағаннан кейін денсаулық сақтау саласындағы білім беру бағдарламалары бойынша білім алушылардың білімі мен дағдыларын бағалау мерзімдерін бекіту.
9. Студенттердің білімін бағалау үшін **150 тест сұрақтарын** қою.
10. Өткен жылдың нәтижелерін талдау негізінде шекті мәнді міндетті түрде **жыл сайынғы қайта қараумен 50 шекті баллды** белгілеу (бұл дұрыс

	<b>«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТИ» КЕАҚ</b> <b>НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д. АСФЕНДИЯРОВА»</b>	
	Денсаулық сақтау даярлау бағыты бойынша ОӘБ ЖЖЖООКББ Секциясы	Кезектен тыс кеңейтілген отырыс хаттамасынан үзінді

жауаптардың 30% құрайды). Шекті балл көбінесе сұрақтардың күрделілігі мен тесттердің нақты құрылымын ескермей, белгіленген 50% ретінде ерікті түрде белгіленеді. Объективтілік пен стандарттарға сәйкестікті қамтамасыз ету үшін шекті баллды тест талдауының нәтижелеріне және оның күрделілігіне байланыстыру қажет.

11. Талдау негізінде жыл сайын қайта қаралатын **шекті балдың динамикалық анықтамасын** енгізу:

- Тест сұрақтарының күрделілігі.
- Студенттердің орташа нәтижелері.
- Мамандық бойынша болжамды білім деңгейі.

12. ҰТЕО бағалау құралдарының сапасы мен тиімділігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін және білімді неғұрлым объективті және әділ өлшеуге ықпал ететін тесттердің сенімділігін талдау рәсімін жүргізуді жүзеге асырады, бұл білім беру процесі мен тестілеу нәтижелері негізінде негізделген шешімдер қабылдаудың негізгі факторы болып табылады.

13. «Денсаулық сақтау саласындағы білім беру бағдарламалары білім алушыларының білімі мен дағдыларын бағалау қағидалары» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 11 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-249/2020 бұйрығына толықтырулар мен өзгерістер енгізілсін


– 7-тармаққа толықтырулар енгізу. **Денсаулық сақтау саласындағы білім беру бағдарламалары бойынша білім алушылардың білімі мен дағдыларын бағалау үшінші курстың соңында жүзеге асырылады.** Бағалау жүргізу мерзімдерін оқу процесінің кестесін ескере отырып, денсаулық сақтау саласындағы білім беру ұйымдары айқындайды.

– 11-тармақтың 2-абзацы «Білімді бағалаудың шекті балын оқу-әдістемелік бірлестіктермен келісу бойынша Бағалау жөніндегі ұйым белгілейді» мынадай мазмұнда толықтырылсын: **шекті балл өткен жылдың нәтижелерін талдау негізінде ағымдағы жылға белгіленеді.**

– Қайта тапсыру рәсімінде қайшылықтарды болдырмау үшін 11-тармақтың 5-абзацын «Белгіленген шекті балдан төмен білімнің қанағаттанарлықсыз бағасын алған кезде, білім алушылар дағдыларды бағалаудың екінші кезеңіне жіберілмейді», қайта қарау.

– Кезеңдерді ескере отырып, денсаулық сақтау саласындағы білім беру бағдарламалары бойынша білім алушылардың білімі мен дағдыларын бағалауды **қайта тапсыру** пунктін енгізу. «Белгіленген шекті балл жинамаған білім алушыларға **2 қайта тапсыруға рұқсат етіледі**»

– «қайта бағалауды жүргізу мерзімдері мен шарттарын Денсаулық сақтау саласындағы білім беру ұйымдарымен келісу кезінде бағалау жөніндегі ұйым айқындайды» деген 17-тармақ

	<b>«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ</b> <b>НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д. АСФЕНДИЯРОВА»</b>	
	Денсаулық сақтау даярлау бағыты бойынша ОӘБ ЖжЖООКББ Секциясы	Кезектен тыс кеңейтілген отырыс хаттамасынан үзінді

келесі абзацпен толықтырылсын: **қайта тапсыруды мерзімінде жүзеге асыру: 1-ші қайта тапсыру - білім алушылардың білімі мен дағдыларын бағалағаннан кейін 10 жұмыс күнінен соң, 2-ші қайта тапсыру - ағымдағы жылдың 25 тамызына дейін.**

– Дағдылар тізбесіне сәйкес денсаулық сақтау саласындағы білім беру бағдарламалары бойынша **білім алушылардың дағдыларын бағалауды жүргізу үшін ЖЖОКБҰ тиісті ресурстармен қамтамасыз етеді тармағын** енгізу.

14. Университеттің академиялық саясатын қайта қарау және жаңартуға енгізу үшін

– «Педиатрия» «Медицина» «Стоматология» ҮИМБ ББ бойынша денсаулық сақтау саласындағы білім беру бағдарламалары бойынша білім алушылардың білімі мен дағдыларын бағалауды ұйымдастыру және өткізу пункттерін/бөлімдерін

– білім беру бағдарламалары бойынша білім алушылардың білімі мен дағдыларын бағалау нәтижелері бойынша курстан курсқа ауыстыру туралы тармақтарын

15. Университеттер білім алушылардың білімі мен дағдыларын бағалау талаптары және олардың маңыздылығы туралы білім алушыларды хабардар ету үшін жоспарлар әзірлесін.

16. Тест тапсырмаларын әзірлеушілер мен пәндер бойынша сарапшылардың біліктілігін арттыру бойынша жұмысты жүзеге асыру.

ЖжЖООКББ секциясының төрағасы




Ташетова А.Б.

ЖжЖООКББ секциясының хатшысы



Кодекова Г.С.

	<b>«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ</b> <b>НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д. АСФЕНДИЯРОВА»</b>	
	Денсаулық сақтау даярлау бағыты бойынша ОӘБ ЖжЖООКББ Секциясы	Кезектен тыс кеңейтілген отырыс хаттамасынан үзінді

## 1 ҚОСЫМША

### ҰИМБ бағдарламалары бойынша білім алушылардың базалық пәндер бойынша білімдері мен дағдыларын бағалауға арналған дағдылар тізімі (ОҚКЕ/ОҚПЕ)

№	Білім беру бағдарламасы	Дағдылар тізімі
1	Педиатрия	1. Антропометриялық деректерді бағалау (дене салмағы, бойы, бас шеңбері және кеуде шеңбері) 2. Кеуде қуысының мүшелерін физикалық тексеру (жүрек, өкпе аускультациясы) 3. Іш қуысы мүшелерін физикалық тексеру: Курлов бойынша бауыр шекараларын анықтау; асқазан-ішек жолдарының үстірт және терең пальпациясы 4. Қан қысымын өлшеу. Импульстік оксиметрияны жүргізу 5. Дәрілік заттарды парентеральды енгізу алгоритмі (көктамыр ішіне; бұлшықет ішіне).
2	Медицина	1. Алғашқы медициналық көмек көрсету (жүрек-өкпе реанимациясы). 2. Науқасты физикалық тексеру: жүректі пальпациялау және аускультациялау, өкпені пальпациялау және аускультациялау, артериялық қысымды, пульсті өлшеу алгоритмін орындау, неврологиялық жағдайды бағалау (ми жүйке жүйесі, рефлексстер). 3. Инструменталдық зерттеулердің негіздері (қалыпты ЭКГ, рентгенография, спирография сипаттамасы). 4. Лабораториялық зерттеулердің негіздері (қанның физиологиялық және патологиялық жасушаларын ажырату, негізгі тіндерді гистологиялық үлгілерден тану, қанның жалпы және биохимиялық талдауларын интерпретациялау). 5. Процедуралық дағдылар: дәрілік заттарды парентералдық енгізу (дәріні сәйкестендіру, тобы, дозасы, еріту, енгізу ережелері, көрсеткіштері, қарсы көрсеткіштері, ықтимал жанама әсерлері).
3	Стоматология	1. Артериялық қысымды және жүрек соғу жиілігін өлшеу. 2. Бұлшықет ішіне/тамыр ішіне инъекция жасау. 3. Стоматологиялық науқасты тексеру.



**«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ  
НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.  
АСФЕНДИЯРОВА»**

Денсаулық сақтау даярлау бағыты бойынша  
ОӘБ ЖЖЖООКББ Секциясы

Кезектен тыс кеңейтілген отырыс  
хаттамасынан үзінді

Редакция: 1

Страница 1 из 1

4. Су негізінде дайындалған дентиннен уақытша пломба қою.

5. Алмалы-салмалы протездің негіз шекараларын анықтау.